

Білім беру саласы «Коммуникация»

Қызметі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Жол атасы-бағдаршам»

Мақсаты: Бағдаршам және оның қызметімен таныстыру. Жолда жүру ережесі туралы білімдерін кеңейту. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу .

Әдіс –тәсілдері: Сұрақтар , жауаптар, ойын, көрнекіліктер, слайд.

Көрнекіліктер: Жол, адам жүретін жол , жол жүретін жолақ сызық, жол белгілерінің суреттері, бағдаршам, бейне таспамен сергіту жаттығу мен көрсету.

Билингвалды компонент: Бағдаршам –светапор, Жаяу жүргінші жол-пешеход.

Ұйымдастыру кезеңі: Сәлеметсіздерме балалар және қонақтар?

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Балалар : Көктем мезгілі

Ендеше балалар бүгінгі өтетін оқу іс- әрекетіміз «Жол атасы бағдаршам »

Балалар барлығымыз шеңберге тұрып , бір –бірімізге жылы лебізімізді білдірейік.

Шаттық шеңбер:

Кел балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік .

Қабак түйген не керек ,

Көңілді болып жүрейік .

-Балалар шаттық шеңберге тұрады, өлең жолдарын қайталайды . Тәрбиеші: астананың көшелері кең, үлкен қаламызда көліктер көп .

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын

Бір көзі дірілдейді.

Бір көзім жүгір дейді.

Бір көзім абайла дейді

Қарап ал маңайға дейді. (Бағдаршам)

Жаяу жүрушілер ақ жолақпен өтеді. Көлікте өз жолдарымен өтеді. Бағдаршамның үш көзі жаяу жүргіншілерге және көлік жүруге өте қолайлы құралды. Адам өміріне орасан зор пайдас бар.

Бағдаршамның қызыл көзі жанса тоқтайды, сары көзі жанса дайындаламыз, жасыл жанса жүреміз. Жол қиылысында аса абай бол керек

Көшелерде, жолдарда доп ойнауға шанамен сырғанауға болмайды. Енді балалар мен сендермен бағдаршам туралы ойын ойнаймыз.

«Бағдаршам» Ойыны

Ойын: Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, Шарты: Балалар қызыл түсті дөңгелекті көрсеткенде (артқа бір қадам) жасайды. ал сары түсті дөңгелекті көрсеткенде (орнымызда тұрып аяқтарымызды топ-топ) басамыз. Жасыл түсті түсті дөңгелекті көрсеткенде (бір қадам алға жүреміз) жүреді. Жүру ережесі ақ жолақ жолда өттіп келе жатып орта жолға келгенде алдыменен оң жағымызға қарап алып өтеміз .

— Балалар, сендер жол ережесі, бағдаршам туралы тақпақтар білесіңдер?

-Ия

Аянат:

Апса кезек үш көзін,

Айтты деп ұқ сөзін:

«Тоқта!

Сақтан!

Жол ашық!

Жүрме жолға таласып»,

Қызыл көзін ашқанда,

Сынық сүйем баспа алға.

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға.

Жасыл көзін ашқанда,

Өте бергін, жасқанба!

Көзін ашып-жұмады,

Бағыт сілтеп тұрады.

Исмайл:

Бақылап жол тәртібін,

Өткізетін әр күнін.

Реттеушіні көрдім мен.

Қиылыстан дәл бүгін.

Ала таяқ қолында

Айтары көп оның да.

Не істеу керек, тұрса

Реттеуші жолыңда.

— Жарайсындар, балалар, өте тамаша

— Балалар бүгін немен тасыстық Балалар бағдаршам не үшін қажет.

Бағдаршам дегеніміз не? Бағдаршамның неше ережесін жақсы меңгерген сияқтысындар. Жолда қиналмай арғы бетке өтетіндеріңе сенімдімін

Біледі : Бағдаршам туралы түсінік .

Игерді: Бағдаршамның іс-әрекет, және бағдаршамның қызметі қандай екен

Меңгерді : Бағдаршамның үш көзі бар екенінін.



